

Таран ауданы бойынша 2016 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігінде егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 189 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 6549 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Таран ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігінде егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

- 1) жазғы дәнді дақылдар (бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық) 2016 жылғы 15 мамырдан 10 маусымға дейін;
- 2) дәнді бұршақты дақылдар (аңқа, жасымық, асбұршақ) 2016 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін;
- 3) майлы дақылдар (рапс, зығыр, күнбағыс) 2016 жылғы 5 мамырдан 31 мамырға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.  
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 5 мамырдан бастап туындастын құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Б. Өтеулин